

МИҒА ШАБУЫЛ (ОЙ-ТАЛҚЫ) ОҚЫТУ ӘДІСІ

«Миға шабуыл» әдісі - қандай да болмасын ақпарат, мәлімет, мәселе, сұрақ туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой талқылау. Студенттерге сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы олар ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Мысалы, жаңа тақырып өтер алдында осы әдіс бойынша студенттерге сұрақ қою арқылы жаңа тақырыпты ашуға көмектеседі.

«Миға шабуыл» - әдісінің көмегімен уақыт үнемделеді, тыңдаушылардың қызығушылығын сабаққа аударып, ойын, пікірін еркін түрде жеткізеді. Қиын тақырыптарды оңай меңгеруге көмектеседі, студенттердің ізденушілік, шығармашылық қасиеттерін арттырады.

«Миға шабуыл» - әдісі Америка Құрама Штаттарында 1930 жылдардың соңында пайда болды. Осы кезде ірі жарнамалық фирманың иесі Алекс Осборн өз қызметкерлері арасында идеяларды табудың жаңа тәсілін қолданады. Бұл әдіс 1953 жылы Алекс Осборнның «Управляемое воображение: принципы и процедуры творческого мышления» кітабының шығуымен мамандарға жол ашты.

Миға шабуыл жасау үшін әдетте 2 топ құрылады: Мәселені шешудің жаңа нұсқаларын ұсынатын қатысушылар және ұсынылған шешімдерді өңдейтін комиссия мүшелері. Құрылымдық жағынан әдіс өте қарапайым. Бұл мәселені шешудің екі сатысынан өтеді: бірінші кезеңде идеялар ұсынылады, ал екінші кезеңде олар нақтыланады, дамиды. Ең алдымен мақсатты анықтау керек. Мысалы, белгілі бір мәселені шешуді ортаға саласыз.

«Миға шабуыл» әдісі барысында идеяларды сынамайды, бағаламайды, талқыламайды және қорғамайды. Топ ішіндегі жұмыс барысында оқытушы тек топ мүшелері ұсынған кез-келген идеяны қолдау керек. Топ мүшелері мейлі ол қандай болсын, әйтеуір ойларына келген кез келген идеялардың, шешімдердің, мысалдардың барлығын ортаға салуы қажет. Әрбір идея толық айтылады. Келесі кезеңде жаңа идеяларды ойлап тапқанша, айтылғандарды ой елегінен өткізіп, ішінен ең ақылға сыйымдысын таңдау оңай болады. Ереже бойынша, барлық идеялар айтылып болған соң, қойылған сұрақ қайта еске салынады.

Айтылған пікірлер бойынша қандай қорытынды жасауға болатындығы анықталады.

Оқытушы білім алушы студенттер арасына талқылауға мәселе ұсынады. Миға шабуыл - студенттер өз ойын еркін білдіруін көздейтін тақырыпты, мәселені немесе тапсырманы ұжымдық талқылау әдісі. Осындай сабақ беру әдісінде әр түрлі идеялар, кейстер ортаға салынып, шешімдер қабылданады. Нақты тақырыпқа студенттерді әр қырынан қарауға үйретіп, шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерін ашады. Сыни ойлау, креативті болуға, тақырыпқа талдау жасауға, өз ойын еркін жеткізуге үйретеді. Топта немесе шағын топта команда құруына ықпал жасайды.

Миға шабуыл әдісінің артықшылығы кез-келген мәселенің шешімін іздеуде ең алдымен ұжымдық талқылау. Шығармашылық ізденісті қажет етеді. Шектелген уақытта бірнеше ой, идея, пікірлер ортаға салынады.

Талқылауға арналған сұрақтар?

1. Мәдениет бізге не үшін керек?
2. Миға шабуыл әдісінің артықшылықтары неде?